

**Ғалпар МАЙМАҚОВ,**  
М. Әуезов атындағы ОҚМУ-дың «Қазақстан  
халқы Ассамблеясы» арнайы кафедрасының  
меңгерушісі, т.ғ.к., құқықтану доценті.



## **Ядролық қарудан бас тарту – ХХІ ғасырдың басты мақсаты**

– Бейбітшілік пен келісім – адамзаттың асыл құндылықтарының бірі. Сол сәбепті, Елбасы маңифесті тек біздің өліміз үшін ғана емес, дүниежүзі халықтары үшін де өте маңызды деп санаймын. Мемлекет басшысының қарусыз әлем құру, ядролық қауіпті сөйілту бастамасының саммитке қатысушылар тарапынан бірауыз қолдау табуы қуантарлық жағдай.

Қазақстан жері өз уақытында ядролық қару сынау үшін полигон ретінде пайдаланылған. Бас-аяғы 500 ядролық сынақ жүргізіліпті. Соның нәтижесінде бір жарым миллионнан астам адам мен ауқымды территориямыз радиацияға ұшырады. Осыдан болар, еліміздің тарихи төжірибесі біздің тарапымыздан қауіпсіздікті басқаша түсінуімізге түрткі болды. Қазақстан халқының қолдауы арқасында кеңестік Семей ядролық полигоны жабылып, еліміз өз аумағындағы барлық ядролық қарудан бас тартты. Бұл алпауыт елдер үшін керемет үлгі деп санаймын. Сондықтан да, Елбасымыздың биік мінбеден көпке ортақ өткір де өзекті проблемаларды көтергені халықаралық жиынға қатысушыларды бейжай қалдырмағаны анық. Елбасымыз көрсетіп отырған жолпыға ортақ шынайы қауіпсіздік жолы, міне, осы.